

КОНСТИТУЦИЯ 2026

## ВЗГЛЯД ИЗНУТРИ ПРОИЗВОДСТВА



В январе 2026 года на V заседании Национального курултая был представлен проект изменений в Конституцию Республики Казахстан. Речь идёт о документе, который определяет основы государственного устройства, права граждан и принципы развития страны на годы вперёд. Для работников промышленности такие темы часто кажутся далёкими от повседневных задач. Однако именно от того, какие ценности и правила закреплены в Основном законе, во многом зависит стабильность, безопасность труда и уверенность в будущем.

Об этом мы поговорили с генеральным директором ТОО «АНПЗ» Куанышем БИШИМОВЫМ, а также обсудили, как предлагаемые изменения соотносятся с логикой работы крупного промышленного предприятия и что в них важно для каждого члена коллектива.

– Куаныш Ердаулетович, Вы ознакомились с проектом новой Конституции. Какое общее впечатление он на Вас произвёл?

– Я внимательно изучил предложенный проект. В целом он выстроен вокруг человека, его прав и свобод. Это видно уже из Преамбулы, где такой подход сформулирован напрямую. Для меня важно, что документ задаёт понятные ориентиры: закон, ответственность и уважение к гражданину. Такие принципы близки и производственной логике.

– В проекте много говорится об изменениях в системе государственного управления. Насколько это созвучно опыту управления крупным заводом?

– В любой системе, будь то государство или предприятие, важно, чтобы структура управления была понятной, а ответственность чётко распределённой. Когда решения принимаются прозрачно и своевременно, это даёт устойчивость. Предлагаемые изменения как раз направлены на упрощение и повышение эффективности управленческих процессов.

– Одним из новшеств обсуждается создание новых форм диалога с обществом. Почему, на Ваш взгляд, это важно?



– Обратная связь важна в любой сфере. На заводе мы регулярно сталкиваемся с тем, что предложения снизу помогают улучшать процессы и находить более точные решения. Если в государстве появляются дополнительные площадки для обсуждения и инициатив, это говорит о стремлении учитывать мнение граждан и выстраивать диалог, а не работать в отрыве от людей.

– В проекте Конституции подчёркивается значение образования, науки и инноваций. Как Вы это оцениваете?

– Это логичный шаг. Современная экономика и промышленность всё больше опираются на знания и технологии. Для нас это означает подготовку специалистов, повышение квалификации, внедрение новых решений. Акцент на человеческий капитал – это инвестиция в долгосрочное развитие страны и её предприятий.

– Документ также затрагивает вопросы традиционных ценностей и защиты прав человека в цифровой среде. Как, на Ваш взгляд, удаётся соблюсти баланс?

– Закон должен учитывать и традиции, и новые реалии. Общество меняется, появляются цифровые инструменты, новые формы взаимодействия.

*Проект новой редакции Конституции включает 11 разделов и 95 статей. Он сохраняет преемственность с действующим Основным законом и одновременно задаёт направление дальнейшего развития страны. Обсуждение продолжается, и каждому гражданину предстоит сформировать собственное отношение к предлагаемым изменениям.*

Важно, чтобы при этом сохранялись базовые ценности и одновременно обеспечивалась защита прав человека в современных условиях. В проекте этот баланс просматривается.

– В проекте Конституции отдельно подчёркивается значение семьи. Насколько, на Ваш взгляд, эта тема важна для общества и для производственного коллектива?

– Семья – это основа жизни любого человека. Когда дома есть понимание, поддержка и спокойствие, человек приходит на работу собранным, уверенным и настроенным на результат. Это напрямую отражается и на качестве труда, и на отношениях в коллективе.

Для крупного предприятия, где безопасность и ответственность имеют особое значение, внутреннее состояние человека играет важную роль. Поэтому внимание к институту семьи – это не абстрактная ценность, а важное условие стабильности и в жизни общества, и в работе каждого из нас.

– Для работников завода особенно важны вопросы правовой защищённости. Что Вы считаете принципиальным в этом блоке изменений?

– Понятные и стабильные правила. Закрепление презумпции невиновности, недопустимость ухудшения положения граждан задним числом, усиление роли адвокатуры – всё это укрепляет защищённость человека. Когда человек защищён законом, он может спокойно работать, планировать и брать на себя ответственность.

– Проект Конституции масштабный и сложный. Как, на Ваш взгляд, к нему стоит относиться обычному гражданину?

– Вдумчиво и без спешки. Это документ, который касается каждого. Важно разобраться, понять суть предлагаемых изменений и сопоставить их со своими ценностями и ожиданиями. Только осознанное отношение позволяет сделать взвешенный выбор.

– Спасибо за беседу.

AMÖZ-дегі медицина:  
тәулік бойы күзетте



40 лет в одном ритме

## На АНПЗ ликвидировали аварийный амбар

В рамках комплекса мероприятий по минимизации экологического воздействия и модернизации производственной инфраструктуры на заводе ликвидирован последний аварийный амбар, ранее являвшийся источником воздействия на атмосферный воздух.

Аварийный амбар был введен в эксплуатацию в 1973 году. Площадь отстойника составляла 1 541 м<sup>2</sup>, проектный объем – 5 548 м<sup>3</sup>. Долгое время он использовался как временный «резерв» для приема избыточных стоков.

Работы по ликвидации объекта стартовали в сентябре 2025 года.

– Процесс был трудоемким и ответственным. В общей сложности вывезли более 6 000 тонн отходов. К январю 2026 года сооружение было полностью демонтировано, а территория засыпана грунтом, – рассказывает начальник отдела охраны окружающей среды Абзал ТЕМИРОВ. – Это важный шаг для минимизации воздействия на атмосферный воздух города. На месте старого амбара планируется построить современные закрытые буферные емкости. Они будут принимать стоки в случае внештатных ситуаций, но уже без вреда для экологии и неприятных запахов, – отметил он.

Напомним, что в 2023 году в ходе реконструкции механических очистных сооружений (МОС) в рамках масштабного экологического проекта Tazalyq на АНПЗ были устранены пять открытых бассейнов – источников распространения неприятного запаха.

Сегодня результаты этой работы впечатляют. После реконструкции производительность МОС

выросла вдвое – до 1 000 м<sup>3</sup>/ч. Это позволяет не только очищать воду, но и возвращать ценное сырье в производство. Средний объем переработки нефтешлама достиг 13 000 м<sup>3</sup> в месяц, что позволило нарастить объемы возврата нефти в производственный цикл. По итогам 2025 года на повторную переработку было отправлено 9 142 тонны нефти.

Помимо механической очистки, сточные воды АНПЗ проходят обработку на биологических очистных сооружениях (БОС). Это позволяет эффективно удалять органические загрязнители, снижает воздействие на окружающую среду и обеспечивает безопасный сброс очищенной воды на поля испарения.

– Эффективность работы наших БОС сегодня составляет 98%. Это хороший показатель. Содержание нефтепродуктов в очищенной воде у нас не превышает 1 мг/м<sup>3</sup>, нормативы допускают до 1,53 мг/м<sup>3</sup>, – говорит А. Темиров.

Ликвидация последнего аварийного амбара – это не финал, а часть последовательной стратегии АНПЗ, главная цель которой сделать производство максимально безопасным как для работников завода, так и для населения г. Атырау.



## ДЕНСАУЛЫҚ

## АМӨЗ-дегі медицина: тәулік бойы күзетте

Өндіріс ошағындағы әрбір жетістіктің артында адам капиталы, яғни қызметкерлердің қажырлы еңбегі тұр. Ал сол еңбек өнімділігінің кепілі – жұмысшының денсаулығы. Бүгінде зауытымызда медициналық қызмет көрсету сапасы жаңа деңгейге көтерілген. Бұл бағытта бізге сенімді серіктес – «Медикер» ЖШС қызмет көрсетеді.



Зауыттың медициналық пункті тәулік бойы, үзіліссіз жұмыс істейді. Мұндағы ең басты міндет – кез келген уақытта қызметкерлерге алғашқы жедел медициналық көмек көрсету. Пунктте жоғары білікті терапевт, кардиолог, стоматолог, невропатолог, реабилитолог және гинеколог сияқты мамандар еңбек етеді.

Олар тек кеңес беріп қана қоймай, заманауи құралдармен жабдықталған процедуралық кабинетте, күндізгі стационарда, ЛФК және физкабинетте ем-дом жүргізеді.

– Біздің басты мақсатымыз – тек ауруды емдеу емес, оның алдын алу. Жыл сайыны міндетті медициналық тексеріс нәтижесі бойынша әр қызметкерге динамикалық бақылау жасалады. Бұл кәсіптік тәуекелдерді төмендетуге және ұжымның әлауқатын жақсартуға мүмкіндік береді, – дейді АМӨЗ медициналық пунктінің меңгерушісі, «Медикер» ЖШС өкілі Галина ӘУБЕКЕРОВА.

Зауыттықтардың еңбек өнімділігін арттыру және денсаулығын нығайту үшін әрбір қызметкердің дербес компьютерінде сағат 11:00-де және 16:00-де бес минуттық жаттығу жасау қажеттігі туралы ескерту терезесі шығады. Бұл – зауытымызда бұрыннан қалыптасқан жақсы дәстүрлердің бірі. Енді бұл үрдіс жаңа форматта жалғасын таппақ.



Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мен медицина мамандары бірлесіп, көзге және тірек-қимыл аппаратына арналған жаттығулардан тұратын арнайы бейнероликтер дайындады. Бұл бейнероликтер зауыт аумағындағы барлық теледидардан үздіксіз көрсетіліп тұрады. Жаттығулар кешенін невропатолог Ғалия Шабдинова арнайы өзірлеген. Компьютер алдында ұзақ уақыт тапжылмай жұмыс істеу

денсаулыққа зиян тигізеді. Сондықтан мамандар ескерту терезесі шыққан бойда, теледидардағы жаттығуларды қайталауға кеңес береді.

Бес минуттық үзілістің пайдасы: остеохондроздың алдын алады, көздің көру деңгейінің нашарлауына жол бермейді, тірек-қимыл аппаратының қан айналымын жақсартады, шаршауды басады. Бұл әдіс жұмыс күнін жайлы етіп қана қоймай, кәсіби аурулардың алдын алуға көмектесетін тиімді құрал болмақ.

Одан бөлек, медициналық тексеріс нәтижесі бойынша қызметкерге арнайы диета қажет болса, зауыт асханасындағы диетолог маман жеке мәзір өзірлейді. Диеталық тағамды тек медициналық көрсеткіші бар қызметкерлер ғана емес, денсаулығына күтім жасағысы келетін кез келген қызметкер пайдалана алады. Бұл туралы гигиена және санитария маманы Гүлфайруз ҚОҢЫРОВА:

– Диеталық тағамдарды тұтыну үшін алдын ала асхана қызметкерлеріне ескерту жеткілікті, – дейді.

Күнделікті 5 минуттық жаттығу мен дұрыс тамақтану – бұл уақыт өте келе зауыттың әрбір жұмысшысы үшін бұлжымас қағидаға айналуы тиіс.

Медициналық пункт мамандары шұғыл көмек қажет болған жағдайда 59-303 нөміріне хабарласу қажеттігін ескертеді.

## ЭНЕРГИЯ МОЛОДОСТИ

## Расти вместе с заводом

Преемственность поколений – это то, чем всегда славился наш завод. Сегодня в ряды нефтепереработчиков вступают амбициозные и технически подкованные ребята. Один из них – Даурен УТЕСОВ, оператор технологических установок УПНК (блок транспорта, цех ПКИС).

Даурену 22 года. После окончания высшего колледжа АРЕС PetroTechnic он не стал искать лёгких путей и пришёл на завод по программе «Стартер АНПЗ». Его официальный трудовой путь начался 8 января этого года, и первый опыт был по-настоящему «полевым».

– Сначала я работал монтажником пути. Именно этот этап научил меня дисциплине и пониманию того, насколько важна командная работа на производстве. Только потом я перевёлся по своей основной специальности – оператором, – рассказывает Даурен.

Для молодого специалиста АНПЗ стал не просто местом работы, а огромной образовательной площадкой. Даурен отмечает, что производство развивает не только технические навыки, но и умение общаться.

– Главное, чему я научился здесь в первую очередь – это коммуникации. Умение слушать старших коллег, задавать правильные вопросы и чувствовать себя частью единого механизма, – делится он.

Особое внимание молодой сотрудник уделяет вопросам безопасности. Строгое соблюдение ТБ и ОТ для Даурена – это не просто пункты инструкции, а реальный показатель заботы завода о своих людях и экологии.

Одним из самых важных факторов адаптации Даурен считает открытость руководства. На АНПЗ голос молодых специалистов слышат.



– Радует, что руководство всегда готово выслушать нас. Наши идеи не просто принимают к сведению, их поддерживают и дополняют. Это даёт огромный стимул работать лучше, – отметил наш молодой специалист.

Даурен Утесов не планирует останавливаться на достигнутом. В его глазах – живой интерес к технике и модернизации. Его цель проста и одновременно масштабна: расти вместе с заводом.

– Я хочу изучать новые установки, перенимать уникальный опыт у наших ветеранов и со временем самому стать тем, кто внедряет изменения и помогает заводу становиться лучше, – говорит он.

Пожелаем удачи молодому работнику в достижении его целей.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

## Болашақ мұнайшылармен маңызды кездесу

**Атырауда ISKER TALKS жобасы жаңа қарқынмен жалғасуда. Бұл игі бастамаға Атырау мұнай өңдеу зауытының (AMÖЗ) жас мамандары белсене атсалысып, мектеп оқушыларына бағыт-бағдар берді.**

ISKER TALKS – жас буынның кәсіби таңдау жасауына көмектесетін бірегей жоба. Өткен 2025 жылғы өңіріміздегі 20-ға жуық мектепті қамтыған бастама 2026 жылғы сапарын Сырым Датов атындағы №26 мектептен бастады. Кездесуде Атырау МӨЗ қызметкерлері тек «мұнайшы», «мұнай өңдеуші» деген жалпылама ұғымдарға емес, өндіріске қажет технологиялық қондырғы операторы, машинист, электрик және инженер сияқты мамандықтардың да маңыздылығын кеңінен түсіндірді.

Жас мамандар оқушыларды зауыттағы мүмкіндіктермен таныстырды. Әсіресе, «AMÖЗ тағылымгері» бағдарламасы жоғары сынып оқушыларының қызығушылығын тудырды. Бұл бағдарлама жас түлектердің өндіріс алаңында тәжірибе жинақтап, мансап жолын бастауына таптырмас мүмкіндік екені айтылды.

Кездесу барысында оқушылар тарапынан экология мәселесіне қатысты сұрақтар көп қойылды. Мамандар Атырау МӨЗ-де жүзеге асырылып жатқан экологиялық жобалар туралы егжей-тегжейлі баяндап, қоршаған ортаны қорғау кәсіпорынның басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

– Біздің зауыт жастарының осы жобаға белсене қатысуы – өте қуанарлық жағдай. Мұнай саласын таңдайтын білімді операторлар, инженерлер мен электриктер көбейсе, бұл біздің өндіріс үшін үлкен жетістік.



Біз мектеп қабырғасынан бастап жастарға дұрыс бағыт беріп, олардың болашақта білікті маман болып қалыптасуына үлес қосқымыз келеді, – деді Атырау мұнай өңдеу зауытының жас мамандар кеңесінің төрағасы Ахат ҚАЙЫРГЕЛДИНОВ.

Биылғы жобаның ерекшелігі – бастауыш сынып оқушыларының да қамтылуы. Олармен кездесу қызықты

ойын форматында өтіп, «ҚазМұнайГаз» ҰҚАҚ қолдауымен жарық көрген «Мұнайбектің ҚазМұнайГазға саяхаты» және «Таза Қазақстан» атты бояғыш кітапшалары сыйға тартылды. Бұл кішкентай жеткіншектердің өндіріс пен экология туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.

Шабыт сыйлаған жүздесу алдағы уақытта облыстың басқа да мектептерінде жалғасын таппақ.

ЧЕЛОВЕК ТРУДА

## 40 лет в одном ритме

**В ремонтно-механическом цехе (РМЦ) наступил момент, когда радость за коллег смешивается с легкой грустью расставания. Завод проводил на заслуженный отдых двух профессионалов, чей трудовой путь стал примером верности делу.**

Они слесари по ремонту насосов. Сорок лет **Мухангали ДЖАНАЕВ** и **Амангелды УРАЗБАЕВ** слушают, как работают агрегаты: по гулу понимают, держит ли подшипник, по температуре корпуса – правильно ли идет нагрузка, по едва заметной дрожи – где начинается беда. Для них насосы – не агрегат по паспорту, а характер. Один капризный, другой терпеливый, третий требует к себе уважения и тишины.

Оба мастера любят разбирать их до последней шпильки, раскладывая детали в строгом порядке. Рабочее колесо, вал, уплотнения... каждая часть должна встать на свое место без насилия, точно и спокойно. Оба знают: если поторопишься, насос потом отомстит – потечет, зашумит, встанет. А если сделать по уму, он будет работать годами, ровно и надежно.

Особенно нравятся им моменты пуска после ремонта. Когда закрыты кожухи, убраны ключи, и машина впервые идет под нагрузку, без рывков, без лишнего звука. Это как вдох после долгой паузы. В такие секунды они понимают, зачем пришли в профессию и почему остались в ней на всю жизнь.

Оба героя нашей статьи пришли на завод в далеком 1980 году. За четыре десятилетия сменились эпохи, технологии и оборудование, но неизменным оставалось одно – их мастерство и надежные руки докторов насосов, профессиональных слесарей. Глядя на них, понимаешь: это люди «старой закалки» – простые, добрые и искренне влюбленные в свою профессию.

Проводы получились необычайно трогательными. В воздухе царил атмосфера, которую не создашь формальными приказами: искренний смех, теплые воспоми-

нания и живой блеск в глазах коллег, в которых читалось безграничное уважение. Весь коллектив объединился, чтобы сказать «спасибо»: были и благодарственные письма, и подарки, и даже творческий сюрприз – коллеги дружно спели песню, подготовленную специально для виновников торжества.

Нам удалось пообщаться с Мухангали Жумакуловичем и Амангелды Сабитовичем в их последние рабочие дни. Их ответы – это простая и честная мудрость людей, которые нашли свое призвание.

На вопрос, что удерживало их на одном месте столько лет, оба ответили: «Жалели ли мы когда-нибудь? Нет! Нам нравилась эта работа. Мы всегда спешили в цех, к коллективу и, как бы это странно для кого-то ни звучало, к насосам, металлическим конструкциям и деталям. В нашей работе нельзя спешить или халтурить, нельзя думать, что «и так сойдет». Насос должен работать так, чтобы о нем не вспоминали». В этих словах – отношение к работе и высшее мастерство слесаря, который по-настоящему любит свое дело.

По мнению мастеров, чтобы стать профессионалами своего дела, нельзя выбирать между знаниями и характером: «Важно и то, и другое, они дополняют друг друга. А настоящий человек завода должен быть, прежде всего, ответственным и отважным».

Самым эмоциональным моментом беседы стал вопрос о завтращем дне.

– Завтра утром вам впервые за 40 лет не нужно рано вставать на смену. Что вы почувствуете? Чего вам будет не хватать больше всего?



Здесь мастера на мгновение замолчали. В этой паузе смешались радость прожитых лет и тихая грусть прощания. Они посмотрели на свои руки, помнящие тысячи ремонтов, горячий металл и вес привычных ключей.

– Мы будем скучать по цеху, по запаху металла, по этому звону инструмента в ладонях... Больше всего будет не хватать именно этого, – сказали они просто и очень искренне, и сразу стало понятно, что два этих человека знают цену своей работе.

Прощание получилось не официальным мероприятием, а семейным праздником. Завод – это не только станки, это люди с большим сердцем. Мухангали Жумакулович и Амангелды Сабитович уходят на пенсию, но их «крепко закрученные гайки» остаются с нами.

Желаем нашим ветеранам крепкого здоровья и долгого, счастливого отдыха. Спасибо за труд, Мастера!



СЛОВА БЛАГОДАРНОСТИ

Начальник РМЦ Дмитрий ДИК, обращаясь к ветеранам, назвал их «людьми-выручалками»: «Это те сотрудники, на которых всегда можно положиться. Мухангали Жумакулович и Амангелды Сабитович невероятно отзывчивые люди. Именно благодаря таким профессионалам наш коллектив остается сплоченным и готовым поддержать друг друга в любой ситуации».

Главный механик завода Никита КОКОРЕВ, знающий мастеров с 2007 года, с трудом скрывал эмоции: «Грустно расставаться с такими опытными работниками, которые полны сил и могут быть в строю. За все годы знакомства я видел в них только одно: безусловный профессионализм. Они решали любые задачи спокойно, без лишнего спора и лишних слов. Я искренне рад, что свой путь к заслуженному отдыху они завершают именно в составе нашего завода».

Особо теплыми воспоминаниями поделился начальник насосно-компрессорной группы Еркем МУХИЕВ, который считает ветеранов своими главными наставниками: «Они научили меня всему, что я знаю. И хотя они уходят на пенсию, сил у них еще хоть отбавляй! Мы до сих пор шутим: ту гайку, которую закрутили Мухангали и Амангелды, никто другой открутить не может!»

## Гүлнар Есенғалиева: Таңдауымнан қателеспедім

Кейде біз бақытты алыстан іздейміз. Ал шын мәнінде, бақыт – өз ісінді сүю, таңдаған мамандығыңа адал болу және ондаған жылдар бойы бір ұжымның ажырамас бөлшегіне айналу. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – Атырау мұнай өңдеу зауытының 6-разрядты тауар операторы Гүлнар ЕСЕНҒАЛИЕВА. Оның зауыт табалдырығын аттағанына 40 жылдан асыпты.

Гүлнар Самиголлақызымен сұхбаттасу үшін оны баспасөз қызметінің кабинетіне шақырған едік. Алайда нағыз еңбек адамына тән жауап алдық: «Айналайын, мен орнымды тастап кете алмаймын, жұмысымды басқаға тапсыратын сәт емес». Міне, жауапкершілік! Біз кейіпкеріміздің жұмыс орнына өзіміз бардық. Қарсы алдымыздан жүзінен жылулық ескен, үнемі күлімсіреп тұратын, парасатты жан шықты. Бірақ бұл жымыстың артында темірдей тәртіп пен кәсіби қаталдық жатқанын сөйлесе келе түсіндік.

### 18 ЖАСТАҒЫ БОЙЖЕТКЕННІҢ БАТЫЛ ҚАДАМЫ

Гүлнар Самиголлақызы зауытқа алғаш рет 1983 жылы, небәрі 18 жасында келген. Еңбек жолын 2-цехтың бұтан паркінде 3-разрядты операторы болып бастаған жас қыз үшін өндірістің алып әлемі қорқынышты көрінбеді.

– Ол кезде жастықтың буы ма, өйтпейр еш қорқыныш болмады. Артылған жұмысты бірден үйреніп, іске кірісіп кеттім, – деп еске алады ол. Кейін зауыт басшылығы зерек қызды 1988 жылы оқуға жіберіп, ол 1993 жылы білімін жетілдіріп, зауытқа қайта оралады. Содан бері ол бір орында тапжылмай еңбек етіп келеді.

### ҚЫРАҒЫЛЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК: МАМАНДЫҚ ҚҰПИЯСЫ

Тауар операторының жұмысы сырт көзге қарапайым көрінгенімен, оның жүгі ауыр. Гүлнар Есенғалиеваның айтуынша, бұл жерде тек білім емес, қырағылық керек.

– Біздің жұмысты басқа цехтың адамы бірден істеп кете алмайды. Компьютер экрандары, рация, телефон – ешқайсысы көзден де, құлақтан да таса қалмауы тиіс. Шикізат паркінде мұнайды қабылдаймыз, анализ жасаймыз, қайта өңдеуге айдаймыз. Одан кейін дайын өнімді қазандықтарға қабылдап, тазалап, вагон-цистерналарға жөнелтеміз. Қабылдау да, өңдеу де, айдау да – бәрі біздің мойнымызда, – дейді ол мамандығының маңыздылығын түсіндіріп.

Қазіргі жасанды интеллект пен автоматтандыру заманында да ол адам факторының орны бөлек екеніне сенімді. Технология дамыса да, «темірдің тілін» табатын адамның ақылы мен әрекеті болмаса, апаратын алдын алу мүмкін емес деп есептейді.

### ЗАУЫТ БЕРГЕН БАҚЫТ

«Бір жерде 40 жыл қалу – адалдық па, әлде жайлылық па?» деген сұрағымызға кейіпкеріміз ойланбастан.



– Екеуі де, – деп жауап берді. Зауыт оған білім берді, диплом алуға мүмкіндік сыйлады, алғашқы ұжымы мен екінші үйіне айналды. Ең бастысы, зауыт Гүлнар Самиголлақызына балаларына бақытты балалық шақ сыйлауға жағдай жасады.

– Балаларым балабақшадан қиналмады, лагерьлерге барып, кішкентай күндерінде-ақ шетел көріп қайтты. Зауыттың арқасында ештеңеден таршылық көрмедік, – дейді ризашылықпен. Оның еңбегі де елеусіз қалған жоқ: ол «Зауыт ардагері» атанып, есімі «Құрмет кітабына» енді, бірнеше мөдальдармен марапатталды.

### ЖҰМЫСТА ҚАТАЛ, ҮЙДЕ – АЯУЛЫ ӘЖЕ

Әріптестері оны «айқай Гүлнар апа» деп әзілдейді екен. Өйткені ол жұмысқа келгенде өте талапшыл.

– Иә, жұмыс уақытында қаталмын, бәрі орнымен, сапалы жасалуы керек. Бірақ жастармен жас болып өзіндікпен де, үлкендермен сырласа да аламын, – дейді ол күліп.

Ал жұмыстан тыс жерде ол – ардақты жар, аяулы ана және тәтті жиендерінің сүйікті әжесі.

– Жиендерім келіп, мойныма асылғанда бар шаршағанымды ұмытып, өлемдегі ең бақытты адамға айналамын, – дейді ол жүзі балбұл жанып.

### САҒЫНЫШҚА ҰЛАСҚАН ЗЕЙНЕТ

Жақында Гүлнар Самиголлақызы зейнетке шығады. 40 жыл бойы таңертең келіп, кеш қайтқан қара шаңырағымен қоштасу ол үшін оңай емес.

– Еңбек демалысына шыққанда да «жұмыс қашан басталады?» деп уақыт өткізе алмай жүретінмін. Зейнетке шыққанда қалай боларын өзім де ойлаймын. Бірақ өмір болғасын, бәріне үйренеміз ғой... – деп түйіндеді ол сөзін.

Сұхбат соңында біз кейіпкерімізге: «Егер сізге бүгінгі тәжірибеңізбен зауыт табалдырығын алғаш аттаған 18 жасар Гүлнарды жолықтыру мүмкіндігі туса, оған не айтар едіңіз?» деген сұрақ қойдық. Гүлнар Самиголлақызы сәл жымып:

– Мен оған: «Таңдауың дұрыс, сен еш қателеспедің!» деп айтар едім.

Расында да, 40 жылдық қажырлы еңбектің артында тек мамандық қана емес, бүтін бір тағдыр мен өз таңдауына деген зор мақтанш жатыр. Гүлнар Есенғалиеваның өмір жолы – адалдықтың, төзімділіктің және өз кәсібіне деген шексіз махаббаттың үлгісі.

## БЕЛСЕНДІ ЗАУЫТТЫҚТАР

## Кітап пен спортты серік еткен ару

Зауыт десе, көз алдымызға темір мен тер төккен еңбек адамдары келеді. Бірақ сол қайнаған жұмыстың ортасында жүріп, рухани жан-дүниесін байытып, спорт пен өнерді қатар алып жүрген жандар да баршылық. Бүгінгі кейіпкеріміз – Материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің маманы Данагүл НӘСІПҚАЛИЕВА.



### РУХАНИ ЕРКІНДІК – КІТАПТА

Данагүлдің ішкі әлемі өте бай. Онымен сұхбаттасқан кезде де ерекше аурамы сезіліп тұрды. Аруымыздың басты хоббиі – кітап оқу. Қазіргі гаджеттер заманында қолына кітап ұстаған жанды көрсең көңіл жадыйрайды. Ол үшін кітап – шекарасыз әлем. Қолы қалт етсе болды, кітапқа үңіледі. Оқу стилі де ерекше: оқып қана қоймай, алған әсерін, түйген ойын арнайы күнделігіне түсіріп отырады. Бұл оның сол сәттегі эмоциясын және автормен үнсіз тілдесуін есте сақтап қалуы үшін керек. Жинаған кітаптары да аз емес. «Нақты қанша кітап барын санамадым», – деген сөзінен-ақ оның көптігін түсіндік.

– Маған детектив жанры, соның ішінде Агата Кристидің туындылары өте қатты ұнайды. Эркюль Пуароның әрбір хикаясы, логикалық шешімдері мені

өзіне баурап алады. Ал соңғы оқыған кітаптарымның ішінде Санжар Керімбай мен Әділбек Нәбидің «Өзбекәлі және мәдени майдан» шығармасы ерекше әсер қалдырды. Руханият жанашырының өмірі мен еңбегі туралы оқығанда ұлттық құндылықтардың маңызын тереңірек түсінгендей болдым, – дейді Данагүл.

Ол кітап тілін таңдамайды: қазақша да, орысша да еркін оқи береді. Бастысы – туындының жанға берер азығы мен қалдырар ізі. Жұмыс арасындағы үзілісте де, жол жүргенде де қолынан кітабы түспейтін ол: «Кітап менің әлемімді кеңейтеді, кез келген қиындықта шешім табуға көмектеседі», – дейді.

### ҚОРҒАНЫСТАН – ҚҰШТАРЛЫҚҚА: КӨК БЕЛБЕУ ХИКАЯСЫ

Данагүлдің нәзік болмысының астында қайсарлық жатыр. Оның қаратөге келуі де қызық. Басында спортқа тек «өзімді қорғай алсам» деген ниетпен келген. Бірақ уақыт өте келе дене мен рухты біртұтас дамытатын жапондық жекпе-жек өнері жай ғана дағды емес, өмір салтына айналған. Бүгінде оның белінде табандылықтың белгісі – көк белбеу жарқырайды.

– Қаратөге баруды бастағалы үш жылдың қалай өткенін байқамай да қалыппын. Спорт маған тәртіп пен ішкі тыныштықты үйретті. Тіпті жаттықтырушымыз екеуіміздің арамыздағы сыйластық шынайы достыққа ұласты. Спорт мені шыңдады, – дейді кейіпкеріміз жымып.

Данагүл – «көрсем, білсем, істеп көрсем» дейтін еркін рухты жан. Оның өмірлік ұстанымы – жаңа нәрсені сынап көрмейінше тыншымау. Ол зауыттағы қағаз жұмыстары мен техникалық тапсырыстардан кейін мүлдем басқа қырларынан көріне алады. Бұған дейін ол атқа мінуді меңгеріп даланың еркіндігін сезінген, фитнес залында денесін шынықтыруды өдетке айналдырған. Ал қазір өзі үшін мүлдем жаңа әлем – музыкаға қадам басып жүр.

– Күйсандықта ойнауды үйреніп жүрмін. Саусақтарым пернені басқанда мүлдем бөлек күй кешемін, – дейді ол өз жаңалығымен бөлісіп.

Данагүл Ержанқызы секілді жан-жақты жастар



зауытымыздың мақтанышы ғана емес, өзге әріптестері үшін де нағыз мотивация көзі. Ол – «уақытым жоқ» деп сылтау айтатындарға үлгі. Өйткені ол үшін өмір – үздіксіз ізденіс пен өзін-өзі танудың алаңы.

– Мен өзіме қызық нәрсені кейінге қалдырмай келмейді. «Темірді қызған кезінде соқ» дегендей сол сәтте-ақ бар мүмкіншілігімді пайдаланып көргім келеді. Өмір тым қысқа, сондықтан оның әрбір бояуын сезініп қалу керек, – деген кейіпкеріміздің сөзі зауыттағы әрбір әріптесіне ой салары анық.

29 жастағы Данагүл Нәсіпқалиева – зауытымыздың ғана емес, заманауи қазақ қызының жарқын үлгісі. Біз нәзік жанды әріптесіміздің өлі де ашылмаған қырлары көп екеніне сенімдіміз, ал оның бойындағы талпыныс пен еркіндікке деген құштарлық кез келген белесті бағындырары сөзсіз.